

2017 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы № 241 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 мамырда № 7068 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 29 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14780 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов

Әкімдіктің

2017 жылғы 10 мамырдағы

№ 241 қаулысымен

бекітілген

2017 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі және басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары және көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары бекітілсін

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі	Өлшем бірлігі, гектар/тонна	Субсидиялардың нормалары, теңге
1.	Сүрлемге арналған жүгері	гектар	10 000
2.	Сүрлемге арналған күнбағыс	гектар	10 000
3.	Қант қызылшасы (фабрикалық)	тонна	6 000
Бір жылдық шөптер			
4.	Құмай жүгері	гектар	8 000
5.	Судан шөбі	гектар	9 000
6.	Құмай жүгері мен суданкодан шығарылған будан	гектар	7 000
7.	Итқонак	гектар	7 000
8.	Егістік тары	гектар	7 000
9.	Африкалық тары	гектар	7 000
10.	Қонақтары	гектар	7 000
11.	Пайза	гектар	7 000
12.	Қышабас	гектар	7 000
13.	Майлы шомыр	гектар	7 000
14.	Сиыржоңышқа	гектар	7 000
15.	Ноғатық	гектар	7 000
16.	Люпин	гектар	7 000
17.	Гүлтәжі	гектар	7 000
18.	Мальва	гектар	7 000
Көпжылдық шөптер			
19.	Еркекшөп	гектар	7 000
20.	Мықын	гектар	7 000
21.	Қияқ	гектар	7 000
22.	Тамырсабақсыз бидайық	гектар	7 000
23.	Бетеге	гектар	7 000
24.	Үйбидайық	гектар	7 000
25.	Жиматарғақ	гектар	7 000

26.	Шабындық көдешөп	гектар	7 000
27.	Көпжылдық қарабидай	гектар	7 000
28.	Атқонақ	гектар	7 000
29.	Жоңышқа	гектар	8 000
30.	Эспарцет	гектар	8 000
31.	Түйежоңышқа	гектар	8 000
32.	Көктікені (галега)	гектар	7 000
33.	Айыр пышан	гектар	7 000
Қорғалған топырақта көкөніс дақылдары			
34.	Көкөністер	гектар	2000000 (барлық түрдегі жылыжайларда топырақтың қорғалған жағдайларында, 2 дақыл айналымы)
Майлы дақылдар			
35.	Күнбағыс	тонна	11 000
36.	Рапс	тонна	11 000
37.	Зығыр	тонна	9 500
38.	Мақсары	тонна	9 000
39.	Қыша	тонна	9 000
40.	Арыш	тонна	8 500
41.	Қытай бұршағы	тонна	9 500